Жаднама
№3

Әрбір ата-ана ерте ме, кеш пе өзіне мынадай сұрақ қоя бастайды

Балабақшаға жолдаманы қалай алуға болады?

INDIGO
ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАЛАБАҚША

Баланы балабақшаға кезекке тұрғызу үшін

1. indigo24.kz сайтын ашыңыз

indigo24.kz

2. «Жолдаманы алу» командасын таңдаңыз





3. Баланың ЖСН белгілеп, балабақшадағы оқу тілің таңдаңыз, содан соң «Бос орындарды іздеу» батырмасын басыңыз



4. Жүйе балаңыздың жасына сай келетін топтары бар барлық балабақшаларды көрсетеді



5. Бос орындардың тізімін қарап шығып, қабылдану үшін балабақша мен топты таңдаңыз



6. «Жолдаманы алу» батырмасын басыңыз



Жолдаманы алу беті ашылады

7. «Таңдалған орын» блогында өзіңіз таңдаған мектепке дейінгі мекеме жайлы ақпарат шығады. Барлығы дұрыс екеніне көз жеткізіңіз



8. «Өтініште белгіленген телефон» жолында өтініш беру кезінде енгізген телефон нөміріңізді көрсетуіңіз керек



Бұл телефон нөміріне қолжетімділік болу керектігіне назар аударыңыз. Сол телефон нөміріне жолдама жайлы ақпарат СМС хабарлама арқылы келетін болады



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жүйе электрондық хабарламаны алуға 10 минут береді

Осы уақыт ішінде жүйе өзіңіз таңдаған орынға бронь белгілейді. Егер жолдаманы 10 минут ішінде алып үлгермесеңіз, бронь жойылады және орынды кез келген пайдаланушы алуы мүмкін

9. Егер барлығын дұрыс жасаған болсаңыз, өтініште көрсетілген телефон нөміріне электрондық жолдаманы алғаныңыз жайлы хабарлама келеді

10. Алған жолдамаға сай балабақшаға алдын ала дайын құжаттармен барып, шарт жасасуыңыз қажет

«Электрондық жолдама» дегеніміз не?

Бұл дегеніміз өтініште белгіленген ата-ананың ұялы телефонына келетін sms-хабарлама

«Электрондық жолдаманы» не істейміз?

Оны басып шығару немесе балабақшада көрсету керек емес.
Ол Сіздің бәрін дұрыс жасағыныңыз және жолдама табысты берілгені жайлы хабарлайды

Менің жолдамам бар екенін балабақша қалай біледі?

Балабақша электрондық жолдамаңызды ЖСН бойынша өзінің ақпараттық жүйесінде тауып алады

Есіңізде болсын, балабақшаны таңдар кезінде

Балаңыз баратын балабақшаны көру өте маңызды

Сіз бұны indigo24.kz сайтында жасай аласыз, ол үшін балабақшалардың тізімін өзіңізге ыңғайлы түрде пайдалансаңыз болады: картада немесе тізіммен

Жолдаманың қолданылу мерзімі шектеулі және 5 жұмыс күніне жарамды. Осы уақыттың ішінде Сіз мектепке дейінгі ұйымға барып, баланың растайтын құжаттарын ұсына отырып, балабақшаға жолдаманы тіркеңіз

Балабақшаларда оқу жылы (1 қыркүйек - 25 мамыр) ұғымы бар

Балабақшаға жыл бойы қабылдануға болады

Егер Сіз оқу жылының ішінде балабақшаға кезекке тұрсаңыз, онда оқу жылы басталғанда, балаңыздың іс жүзіндегі жасына қарай емес, баланың жағдайына жас тобы (демек, бос орындар) таңдалады

Мысал келтірейік:

1-жағдай:

*Бүгін **25 сәуір;***

1 ақпанда бала 3 жасқа толды;

Олай болса, бала 2-3 жас аралығындағы топқа баруға үміткер болады

Өйткені оқу жылы басталарда, баланың жасы екіде болатын

2-жағдай:

*Бүгін **10 маусым;***

1 ақпанда бала 3 жасқа толды;

Олай болса, бала 3-4 жас аралығындағы топқа баруға үміткер болады

Өйткені оқу жылы аяқталды және жаңа оқу жылы басталғанда, баланың жасы үшке толады

3-жағдай:

*Бүгін **26 мамыр;***

30 тамыз күні бала 3 жасқа толады;

Олай болса, бала 3-4 жас аралығындағы топқа баруға үміткер болады

Өйткені ағымдағы оқу жылы аяқталды, ал жаңа оқу жылы басталғанда, бала 3 жасқа толады

4-жағдай:

*Бүгін **26 мамыр;***

15 қазан күні бала 3 жасқа толады;

Олай болса, бала 2-3 жас аралығындағы топқа баруға үміткер болады



Өйткені туған күндері 1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде болатын балалар, туған күндері келесі күнтізбелік жылдың 1 қыркүйекке дейін болатын балалармен теңестіріледі

Ал Сіз мыналарды білесіз бе?

INDIGO жүйесіне компьютерден ғана емес, телефоннан да кіруге болады

INDIGO-да өтініш беру үшін Сізге Жеке кабинеттің керегі жоқ

INDIGO-да жай және түзеу кезегіне де тұруға болады

Бұл жөнінде көбірек пайдалы ақпаратты әлеуметтік желілердегі біздің парақшаларымызда бар

bilim_webline

bilim.webline

Құжат, оның құрылымы, формат-логикалық бақылау қағидалары және орналастырылған медиа-контент Қазақстан Республикасының "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Заңымен қорғалады. «КДС-Азия» ЖШС, 2019©